

№53 Ер-Асыл бөбекжай балабақшасы

Тақырыбы: «Наурызым, армысың!»

Тобы: Ортаңғы топ «Бәйшешек»

Тәрбиеші: Аманбекова Ұ.

2020-2021 оқу жылы





Тақырыбы: «Наурызым, армысың!»

Мақсаты: Шығыс күнтізбесі жайлы білімдерін жетілдіру. Шығыс күнтізбесі бойынша жаңа жыл 22 наурыздан басталатын, күн мен түн теңесетінін түсіндіру. Наурыз мейрамының басқа мейрамдардан айырмашылығын ажырата білуге үйрету.

Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер, хрестоматия, интерактивни тақта,

Сөз жұмыс: наурыз, наурыzkөже.

Блингвальды компонент: Наурыз-Март, Наурыzkөже-Наурыzkөже.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Педагогтің іс -әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
<p>Мотивациялық қозғаушылық кезең</p>	<p>Ұйымдастыру кезеңі.</p> <p>Балалар педагогпен бірге «Наурыз – біздің жаңа жыл» әнін қосылып айтады.</p> <p>Наурыз - біздің жаңа жыл (сөзі,әні Ж.қалжанованікі)</p> <p>Наурыз келді балалар, Көктеді қыр жағалар. Наурыз тойын тойлайық, Жаңа жылда ағалар. Наурыз, наурыз, Келді біздің жаңа жыл. Көктем келді балақай Жасарды жер, алақай. Наурыз тойын тойлайық, Әсем әнге сал, апай. Наурыз, наурыз, Келді біздің жаңа жыл. Бәйшешектер гүлдеді, Қорада мал төлдеді. Наурыз тойын тойлайық, Қосыл, аққу, көлдегі.</p>	<p>Әнге қосылады.</p> <p>Балалар шеңберге тұрып әнді орындайды</p>
<p>Ұйымдастырушылық - ізденістік</p>	<p>Кіріспе әңгіме.</p> <p>Белгілі ақын Оразқан Асқардың «Наурызым, армысың!» өлеңін мәнерлеп оқып беру.</p> <p>Наурызым, армысың!</p>	<p>.</p>

	<p>Ата-бабам тойлаған, Наурызым, армысың! Қызығына тоймаған, Дарқан дала, қарлы шаң. Қауыша алмай қанша жыл, Қалдық сеннен адасып, Төрле, есіктің бәрі ашық. Мерекені байырғы Алды халқым қабылдап. Ақ дастарқан жайылды, Ошақта от жалындап.</p> <p><i>Сергіту сәті</i> Музыка ырғағымен қимылдар жасау.</p> <p><i>Сұрақ-жауап</i> арқылы әңгімелеу. -Мен сендерге оқып берген өлең шумағында не жайлы айтылған? -Наурыз мейрамын қалай қарсы алады?</p>	<p>Әр түрлі әуенге би қозғалыстарын жасайды.</p> <p>Балалардың жауабы.</p>
<p>Рефлексиялық- түзетушілі</p>	<p>«Гүл құрастыру» ойыны.</p>	<p>Ойынды ойнайды.</p>

Күтілетін нәтижелер:

Жаңғыртады: өлеңнің мазмұнын.

Түсінеді: күн мен түннің теңелетінін, басқа мейрамдардан айырмашылығын ажыратуды.

Қолданады: Наурыз мейрамы туралы түсініктерін қалыптастырып, салт-дәстүрді құрметтеуді.



ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНА ҚАРАСТЫ

№53 «ЕР-АСЫЛ» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ МКҚК

**МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ
ЖАУҚАЗЫН ТОБЫ
ТӨРЛЕ-ТӨРЛЕ ЖАҢА ЖЫЛ !**

Тәрбиешілер: Койбагарова У.

Зиябекова Д.

Жаңа жылдық ертеңгіліктің сценарийі

Балалар музыкамен залға кіреді.

Ортада билеп тұрады да ,әуен тоқтағанда жартылай шеңбер болып тұрады.

Жүргізуші:Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.

Мол табыс пен береке ала келсін,

Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді.

-Балалар,қараңдаршы,біздің шыршамыз қандай әдемі,қаншама ойыншықтар,жарқыраған шамдар ілінген.Бірақ шамдар жанбай тұр ғой.Неге екен?Қане балалар,олай болса біз шыршаға арнап ән айтып берейік,сонда жанатын шығар.

Ән: «Шырша жыры» (хор) Осы кезде шырша шамы жанады.

Жүргізуші:Балалар,біз бүгін қандай мерекеге келдік?

Балалар:Жаңа жыл мерекесі

Жүргізуші:Ал Жаңа жыл мерекесі Аяз ата мен Ақшақарсыз қалай өтер екен?(ойланып қалады)Тыныш балалар,мен біреудің даусын естіген сияқтымын.Ортаға музыкамен Ақшақар билеп кіреді.

Ақшақар:Сәлеметсіңдер ме,балалар.Біз Аяз атамен бірге сендердің шырша мерекесіне асығып келе жатыр едік.Аяз ата жай жүріп қалып кетті. «Сен бара бер,мен жетіп аламын,балалар күтіп қалды ғой»деп.Ал мереке көңілді өтіп жатыр ма балалар?

Балалар:Ия

Ақшақар:Қане,олай болса бәріміз Аяз атаны шақырайық.

Балалар:Аяз ата,Аяз ата.

Ақшақар:Балалар,Аяз атамыз адасып қалған болар.(сәл жүріп үйшікке жақын келіп)-Мынау кімнің үйшігі екен?

Үйшіктен аю шығады.

Аю:Бұл кім мені оятқан?Бұл жерде не болып жатыр өзі?

Ақшақар:Кешір мені аю,мен Аяз атаны іздеп жүр едім.

Аю:Сен маған келген екенсің,енді сен менімен тұрасың.Маған тамақ пісіресің,су тасисың.

Ақшақар:Жооқ,маған Аяз атаны іздеу керек.оны балалар тосып отыр.

Аю: Мен сені ешқайда жібермеймін. Екеуіміз жаңа жылды бірге тойлаймыз. Қазір өнерлі бүлдіршіндерді шақырайық, олар бізге билеп береді.

Би: Санта клаус

Билейтіндер:

Ақшақар: Балалар, мен аюды қалай алдасам болады? Аю, мен балаларға тоқаш пісіріп әкелейін. Ал сен байқа, тоқаштарымды жеп қоймай бәрін балаларға беретін бол.

Аю: Жарайды, мен онда орманға барып ағаш жарып алып келейін.

Ақшақар: Мен мына жәшіктің ішіне тығылып қалайын, ал тоқаштарымды басыма қоямын. Мен болсам үлкенмін, ал мынау жәшік кішкентай, енді қалай сиямын? Таптым (қуанып), менде сиқырлы таяқшам бар. Бірақ ол үшін мен кішкентай ақшақарлармен билеуім керек. Сонда мен ақшақарлар сияқты кішкентай болып қаламын.

Менің әсем ұлпаларым,

Маған ұшып келеді.

Таң қалдарып өнеріне,

Бәрі билеп береді.

Би: Ақшақарлар

Жүргізуші: Балалар, қараңдар, Ақшақар кішкентай болып кетіпті. Тез оны жәшікке салып қояйық, аю көріп қоймасын.

Аю ағаш алып келеді, тоқаштарды көріп: Ақшақар тоқаш пісіріп қойыпты ғой, мен оны балаларға апарайын деп шыршаны айналады. Сәлден соң: Мен шаршап қалдым, кішкене дем алайын, - деп ортаға келіп қисайып жатады.

Қараңғы батып кетті, мен енді жолды таба алмаймын. Көмектесіндер, Аяз ата аууу, естимісің мені? Сені шақырып жатырмын.

Осы кезде ортаға **Мыстан** шығады. - Мені біреу шақырды ма? Бұл жерде не той болып жатыр?

Балалар: Жоқ, біз сені шақырған жоқпыз. Біз Аяз атаны шақырдық.

Мыстан: Аяз аталарың келмейді, ол мені жіберді, мен қазір сендердің шыршаларыңды жұлып алып кетемін деп шыршаны жұлқылай бастайды.

Жүргізуші: Тиіспе біздің шыршаға, бүгін біз Жаңа жыл мерекесін тойлап жатырмыз. Ал сен болсаң шыршаны алып кетем дейсің, оның болмайды.

Мыстан: Аа, онда менде қалсам бола ма сендермен (жалынып сұрайды)

Балалар: Жооқ болмайды.

Жүргізуші: Ал сенің қандай өнерің бар, көрсетші. Сен билей аласың ба, егер де жақсы билесең, қаласың

Мыстан ортаға шығып билейді. Оның биі ешкімге ұнамайды.

Жүргізуші: Болды Мыстан, кете бер, сенің биің ешкімге де ұнаған жоқ.

Сен біздің қыздарымыздың өнерін тамашалап көрші

Би: Шығыс биі

Мыстан: Жарайды (мұңайып) менің биім сендерге ұнамады, менің басқа өнерім де жоқ, мен онда мен кеттім, бірақ мен әлі ораламын.

Осылайша Мыстан сыпырғысымен ұшып кетіп қалады.

Жүргізуші: Балалар, қардың дыбысын естіген сияқтымын. Осы енді нағыз Аяз атамыз болар, қане бәріміз бірге Аяз ата деп шақырайықшы.

Балалар: Аяз ата, Аяз ата деп үш рет атайды.

Музыка ойналып залға Аяз ата келеді.

Аяз ата: Амансыңдар ма, ұлдарым,

Амансыңдар ма, қыздарым.

Қандай жарқын жүздерің,

Қандай әсем жырларың.

Шаршап келдім алыстан,

Өздеріңе оралдым.

Керемет бір ән тыңдап,

Келіп тұр-ау демалғым.

Жүргізуші: Ата отырып дем алыңыз, алыстан келдіңіз ғой. (орындыққа отырғызады) Балалар, әсем әнәмізді орындап берейік.

Ән: Шыршаға бардық (хор) Орындарына жайғасады.

Аяз ата: Рахмет алтындарым, Мен ұмытып кетіппін, мені біреу көмекке шақырды ғой.

Аю: Ол мен сізді шақырған. Амансыз ба ата. Мен сіздің Ақшақарыңыз пісірген тоқаштарды балаларға апара жатып адасып қалдым.

Ақшақар: Мен мұндамын, жәшіктің ішіндемін.

Аяз ата: (Ақшақарды алып шығып)-Балалар,Ақшақар неге кішкентай болып кеткен?

Жүргізуші:Аяз ата,біздің Ақшақарымыз сізді іздеп жүргенде аюға кезігіп қалды.Ал аю болса оны жібермеді.Сондықтан ол кішкентай болып кетті.

Аяз ата:Аю,сен неге Ақшақарды жібермедің?

Аю:Мені кешіріңдерші,мен енді қайталамаймын.

Аяз ата:Енді не істейміз?Ақшақарды қалай үлкейтеміз?

Ақшақар:Балалар шапалақтасын,ал енді аяқтарымен тарсылдатсын,енді қатты үрлесін (Ақшақар үлкен болып шығады)

Аяз ата:Рахмет сендерге,өздерің қандай сиқыршы едіңдер.Сендер менімен ойнағыларың келе ме?

Балалар:Иә.

Аяз ата:Ақшақар сенде тоқаштан басқа не бар?

Ақшақар:Менде тек тоқаштар ғана бар.

Аяз ата:Ендеше сол тоқаштармен ойнайық.

Ақшақар:Тоқаштармен ойнауға болмайды ғой.

Аяз ата:Мен қазір тоқаштарды қарларға айналдырып жіберейін(қарларды жерге шашады)Мен ойнайын десем менде қар жоқ.

Жүргізуші:Аяз ата,ал сіз балалардан қарларды алып алыңыз.

Ойын: «Қарларды жинау»

Жүргізуші:Ойын ұнады ма балалар?Ендеше Аяз атамызға жаңа жылдық тақпақтарымызды айтып берейік.

Тақпақтар

Аю:Балалар,мен де сендермен билегім келіп тұр.Сендермен билеп,орманға қайтайын.

Би: Аңдар

Аюмен қоштасамыз.

Аяз ата:-Балалар,мен сендерге көп сыйлықтар алып келдім.

Сыйлықтар таратып береді.Қоштасып,Ақшақармен бірге шығып кетеді.

Жүргізуші: Осымен біздің бүлдіршіндердің ертеңгілігі аяқталды. Келе жатқан Жаңа Барыс жылы әрбір отбасына жаңа нұр, табыс пен береке, қуаныш пен мереке алып келсін. Келесі Жаңа жылда кездескенше аман-сау жүрейік.

Барлығы бірге: Жаңа жылдарыңыз құтты болсын!!!

Шымкент қаласы білім бөлімінің
№53 «Ер-асыл» бөбекжай-бақшасы МКҚК

Ортаңғы «Бәйшешек» тобы

***«Қош келдің жаңа
жыл»***

Тәрбиеші: Аманбекова Ұ

Есенбаева Г

2020-2021ж



БІРТЕНГІЛІКТІҢ МАҚСАТЫ: Балаларға Жаңа жыл мерекесіне деген қызығушылықтарын ояту; Жаңа жылдық көңіл күй сыйлау; музыкалық өмірлерді мәнерлеп орындауға үйрету; шығармашылық және коммуникативті дағдыларды дамыту; рөлдерді ойнау қабілетін жетілдіру; өздерін сенімді ұстауға үйрету.

КІРІСПЕ БӨЛІМІ

Жаңа жылдық әуен қосылып тұрады сахна сыртында Жезтырнақтың дауысы естіледі.

Жезтырнақ:

- Ха-ха. Хи-хи. Қараймын, мына кішкентай ақымақ адамдарда мереке екен ғой. Балалар сыйлық күтіп жүр ма. Ха-ха! Қап бәлем, қоя тұрындар, көрсетемін сендерге! Болдыртпаймын мерекені! Аяз атаны күтіп отырған болар. Биылғы Жаңа Жыл мерекесі Аяз атасыз өтеді. Аяз Аталарың келмеген соң балаларың сыйлықсыз қалды. Сауап болды. Ха-ха-ха!

Жақсылыққа келтіртпеймін,

Жаңа жылға жеткізбеймін.

Мен тұрғанда адамға,

Мереке жоқ жалғанда.

Ха-ха-ха! Хи-хи-хи!

Жүргізуші шығады.

- Сәлеметсіздерме құрметті ата-аналар, қонақтар! Келе жатқан Жаңа жылдарыңыз құтты болсын!

Жаңа жылда жаңа бақыт тыныштық,

Жаса, жаса, достық, бірлік туыстық.

Құттықтаймыз келер жылды алдағы,

Ескі жылмен қоштасайық біз ыстық,-деп Жаңа жыл қонақтарын қарсы алайық!

Музыка әуенімен балалар топқа жұп болып кіреді.

Жүргізуші:

Жылға шашу шашамыз,

Тойлап көңіл ашамыз.

Жаңа жылды қарсы алып,

Би билеп ән саламыз!

Ән. «Тауда туып тауда өскен»

Ән айтылып болған соң топқа Аққала жылап кіреді

Жүргізуші:

- Ой мынау Аққала ғой! Аққала, не болып қалды, неге жылайсың? Бүгін мереке ғой.

Аққала:

- Сәлем достар! Қиын жағдай болды. Биыл Жаңа жылға Аяз ата келмейтін

Жүргізуші:

- Балалар, Ханшайым бәрі жақсы болады. Бірақ уақыт тығыз, жаңа жылда келіп қалды. Ал біздің балаларымыздың сыйлығы әлі табылмады. Не істесек болады екен а?

(Осы кезде топқа қолында домбырасы бар Алдар көсе кіреді).

Алдар көсе: - Балалар, келген кім? Сендер танисындар ма? Иә, бұл Алдар көсе ғой. Мүмкін ол бізге көмектесер.

Алдар көсе:

- Охо-хо, мына жерде қонақтар көп екен ғой. Барлықтарың қандай әдемісіңдер. Ой мен өзі қайда келдім? Қандай мереке болып жатыр?

Жүргізуші:

- Сәлеметсіз бе, Алдар көсе! Бізде Жаңа жыл мерекесі. Биыл Жаңа Жылға Аяз ата келмеймін деп, балалардың сыйлықтарын Аққаладан беріп жіберіпті. Ал Аққала қатты боран соққан кезде жоғалтып алыпты. Жағдайымыз қиын болып тұр.

Алдар көсе:

- Ал балалар, сендерге көмектесетін уақыт келді. Менің домбырам сиқырлы. Жақсы адамға көмектеседі, жамандарды жазалайды. Қазір мұны өздерін көресіңдер.

Алдар көсе домбырасымен күй ойнай кетеді, ал Жезтырнақ билей кетеді..

Жезтырнақ:

- Бұл не сұмдық! Тоқтат жаныңның барында, менің билегім келмейді. Тоқтат деймін. *Алдар көсе ойнағанын бірден тоқтатады, Жезтырнақ жерге құлайды.*

Алдар көсе:

- Құрметтім, сен не дедің? Мен шалыс естідім бе? Кәне, балаларға сыйлықтарын қайтар тез қайтар.

Жезтырнақ:

- Ойламаймын да! Болдыртпаймын мерекені! Ал енді сен Алдар қатып қал! (Алдар көсе домбырасымен сол жерде қатып қалады). **Жүргізуші:**

- Енді қайттік? Енді бізге кім көмектеседі?

Ханшайым:

Уайымдамаңыздар. (Сиқырлы таяғымен түртіп қалады) Алдар көсе оянады.

Алдар көсе:

Жезтырнақ мен ояндым, енді сен жаман әдетті қоймасаң, тағзы да сені билетіп қоям.

Жезтырнақ:

- Жарайды, мен келістім. Енді бұдан бұлай жаман нарсе жасамаймын. Бірақ балалар шынымды атайыншы сыйлықтың жоғалуына менің түк қатысым жоқ. Маған сеніңдерші.

Жүргізуші: Енді не істедік. Балаларға сыйлықты қайдан аламыз а? Бірақ қайда барып, қайдан іздейміз? А, а, а, балалар мүмкін ескі жылымыз барыс білетін шығар а?

(Осы кезде топқа Барыс кіреді).

Барыс: Құрметті достар! Сіздерді Жаңа 2023 жылмен шын жүректен құттықтаймын!

Сіздерге келіп жеткен 2023 жаңа жылда жағымды жаңалықтар мен толағай табыс тілеймін!

Әр бір игі істер мен жаңа бастамаларыңызға сәттілік серік болып, отбасыңызға баянды бақыт пен бақ - береке келсін! Олай болса ортаға Жаңа Жылымызды шақырайық. Қане, бәріміз бірге. Жаңа Жыл, Жаңа Жыл, Жаңа Жыл

Жүргізуші: Түсінбедім, Жаңа Жылымыз неге келмей жатыр. Жаңа жылымыз міндетті түрде болады. А,а,,а, балалар сендер өздеріңнің кішкентай сиқыршы екендеріңе сенесіңдер ме? Кәнекей бәріміз саусақтарымызды сықырлатып алақанымызды үрлесек сол кезде Жаңа жылымыз келеді.

Саусақтарымен сықырлатып, алақандарымен үрлейді.

Әуен ойналады, топқа Қоян кіреді.

Қоян:

Сәлеметсіздер ме!

Мен тұрмын қуанып,

Шатыққа бөленіп

Бір жыл бойы сіздермен

Дос болайық шаттанып.

- Ал енді маған дайындаған қандай өнерлерін бар?

Жүргізуші: - Қоян төрлетіңіз, біздің қонағымыз болыңыз. Сіздермен ойын ойнағым келіп тұр.

Жүргізуші:

- Олай болса, біз енді ата-аналармен ойын ойнайық.

Ойын. "Кім жылдам".

Ойын барысы: ойынға қатысушы ата-аналар екі топқа бөлінеді. Педагог әр топқа алдын-ала дайындалған қағаздан жасалған ұлпа қарларды береді. Педагог белгісінен кейін әр ойыншы кезек-кезек себетке ұлпа қарларды жылдам жинауы керек. Ең көп ұлпа қарлар жинаған адам жеңіске жетеді.

Қоян:

Балалар мен жаңа сендерге келе жатқанда жолдан сыйлық тауып алдым. Сол сыйлықты сендерге берсем деймін.

Аққала: Ия, ия, осы сыйлық мен жоғалтып алған.

Жүргізуші: Міне балалар, сыйлықтарың табылды. Олай болса қане сыйлықты алу үшін, тақпақтарымызды айтып берейік.

Тақпақтар.

М.Альтайр.

1. Әдемілеп біз ілген,
Ойыншықтар тізілген .
Қандай жақсы шыршамыз
Ән шырқайық баршамыз

А.Хадиша.

2. Жаңа жыл, Жаңа жыл
Жаңа жылда жаңа жыр
Жасыл шырша жанында
Билеп барлық бала жүр

А.Ерасыл.

3. Тамаша, тамаша
Шыршамыз тұр жараса
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса

Т.Нұрасыл.

4. Дала нұр, қала нұр
Құтты болсын Жаңа жыл
Жасыл шырша жанында,
Билеп барлық бала жүр

Т.Мансур.

5. Сақалы аппақ күмістей
Тістері аппақ күріштей
Нұр жайнаған ажары
Сағындық аяз атаны

С.Балым.

6. Мол сыйлықпен келер ол
Шырқатып ән салар ем
Жылдамырақ келсе екен
Бізге сыйлық берсе екен
Б.Жансултан.

7. Тамаша тамаша!

Шыршамыз тұр жараса
Жаңа жылда ертегі
Келе ме біздің бақшаға

Ш.Нурислам.

8. Қыстың күні көңілді

Ақ қырау жабысты.

Сезім.

26. Далада қар борайды,

Ақ мамыққа орайды

Мұз болады қатады.

Жып - жылтыр боп жатады.

Аруна.

27. Кел, балалар, тақпакты

Тақылдатып айтайық

Аяз ата таң қалсын

Сыйлық алып қайтайық

Акерке.

28. Аяз ата тыңдаңыз

Тақпақ айтып берейік

Ортамызда шыршамыз,

Ойнап бірге, күлейік.

- Осымен Жаңа жылдық ертегіміз соңына жетті. Жаңа жыл әр біріңіздің отбасыңызға жаңа нұр, жаңа шуақ, табыс пен береке, қуаныш пен мереке алып келсін. Әрдайым қажырлы қайратыңыздан күш, жылы жүздеріңізден нұр кетпесін. Жаңа жыл баршамыз үшін берекелі, мерекелі жыл болсын.

Күлкісімен жеткізіп бабаға сыр,

Қуаныштан салады балада асыр.

Жұмбақтанып, жаныма жырды ақтарып,

Елімізге қош келдің жаңа ғасыр.

Шымкент қаласы білім бөлімінің
№53 «Ер-асыл» бөбекжай-бақшасы МКҚК

Ортаңғы «Бәйшешек» тобы

*1-мамыр Қазақстан халқының
бірлігі күні*

Тәрбиеші: Есенбаева Г

Аманбекова Ұ

2020-2021ж

1-Мамыр Қазақстан халқының бірлігі күні.



Әдемі әуен ойналады. Зал шарлармен «1- Мамыр», «Достық», «Бірлік», «Ынтымақ» сөздерімен безендірілген.

Жүргізуші: Құрметті балалар, әріптестер! Сіздерді 1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күнімен құттықтаймын. Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға бірлік, береке тілеймін. Бүгінгі ертеңгілігімізді ашып беру үшін балабақша меңгерушісі А. Ұлықбекқызына сөз береміз.

Тақпақтар:

Отан сенің ата-анаң.
Отан досың бауырың
Отан өлкем, астанам
Отан-аудан ауылың. Арнұр

Ортақ бізге бір Отан
Ортақ жердің байлығы
Еңбек ортақ
Жер ортақ
Ортақ бізге барлығы А.Ернұр

Отан-анам
Отан-әкем
Қате болса
Неге біздер
Дейміз оны
Атамекен. С.Али

Ән: «Мамыр ай - мереке»

Жаттығу.

Тақпақтар: Достық, Отан туралы.

Сырдың бойын ежелден жайлаған,
Орыс, қазақ қатар қонған бай далам,
Халықтардың достығының айғағы
Бүгінгі күн мерекеде жайнаған. Айзере

Тілі бөлек болғанымен тілек бір
Ұлы достық мәпелеген жүрек гүл,
Қазақстан бар ұлысқа шаңырақ
Шайқалмастан шаттығымыз тіреп тұр.

Арина.

Қуаныштан желпілдейді түндігім
Бар халықтың бірлік тойы күн бүгін,
Халқым мәңгі ғұмыр кешсін бақытты,
Бір тамырмен байлап қойған кіндігін!!!

Айша.

Ақпыз, қара, сарымыз,
Ағайынбыз бәріміз.
Ортақ болсын асар тау,
Жеміс толы бақша –бау.

Гулзода.

Қазақ-қырғыз туыссыңдар, доссыңдар,
Бір тамырдан сендер өскен қос шынар.
Дос туыстар көп болса да дүниеде,
Нақ сендердей нағыз туыс жоқ шығар.

Іңкәр.

Жайнап кеткен қия бел,
Қырдың гүлін жия бер,
Туған жердің сырларын,
Көңіліңе құя бер.

Ақзере.

Кім сүймейді ет жақынын, туысқанын,
Украина туысымның бірісің.
Тұрды биік туымыздай бұл достық,
Ел басына төнгенде де ұлы сын.

Ақниет.

Ән: «Біз бақытты баламыз» Отан туралы хоровод

Тақпақтар:

Отанды әркім анасындай
Қастерлейді бағалап
Өйткені, Отан баласындай
Бізді өсірер аялап

Нұрсұлтан.

Отан деген атамекен
Отан деген-туған жер
Отан –ана

Отан-үлкен
Қазақстан – туған ел. Сырым

Барлық елдің бөбегі,
Бір-бірімен туысқан,
Бәрімізге төгеді,
Өз шуағым күміс таң. Дамир.

Тәуелсіздік кіндігін
Кескен халық бірлігі.
Ынтымағы барша ұлттың
Нұрын шашқан күн бүгін. Нұрәділ.

Отанды
Жас,кәріміз де
Туған жер деп сүйеміз
Өйткені онда бәріміз де
Туып өмір сүреміз. Абдуллах.

Қазақстан дейтін менің бар елім,
Жатыр алып жарты дүние әлемін.
Бұл даланы көріп алғаш қуанғам,
Бұл далада өскен жанда жоқ арман. М.Ернұр

Ата-бабам ежелден –ақ дос қылған,
Татар,қазақ болашақты тосты алдан,
Сол достығын тағы міне дәріптеп,
Бүгінгі күн мерекеде жайнаған. Дастан.

Ән: «Ел қорғауға әзірміз»

Жүргізуші: Балалар, бүгінгі мерекеде біз әртүрлі елдерге саяхат жасаймыз. Біз қалай үлгереміз барлық елге бару үшін? Немен саяхат жасаймыз?

Балалар: ракетамен, параходпен, автобуспен, ұшақпен.

Жүгізуші: Баллар біз сендермен ракетамен ұшамыз. Ұшамыз ба?

3,2,1 пуск

Түркия еліне келеміз

Би: «Түрік биі» қызыл диск №6

Нұрәділ
Жанасыл
Сырым

Бахтияр
Алинур
Мырзаали
Алдияр
С.Али

Ойын: «Бубинмен»

Жүргізуші: Ал енді балалар параходқа отырамыз. Параходпен Үнді еліне жүземіз. Үнді елінде билегенді жақсы көреді.

Би: «Үнді биі» №5 гүлі бар

А.Ернұр	Арнұр	Айзере	Ақниет
Е.Али	Нұрсұлтан	Іңкәр	Ақзере
Дастан	Бағдәулет		

Ойын: Орындыққа отыр

Жүргізуші: Саяхатымызды автобус көлігіне мініп жалғастырамыз. Мәскеу еліне де жеттік.

Би: «Орыс биі» №39

Аңсар	Гулзода
Саша	Арина
Байдәулет	Іңкәр
Нурасыл	Айша

Ойын: « Шеңбер»

Жүргізуші: Енді ракетаға мініп елімізге ораламыз.Туған жеріміз Қазақстанға.

Би: «Қазақ биі» №3

Айзере	М.Ернұр
Іңкәр	Абдуллах
Гулзода	Дамир
Айша	Әділет
Ақниет	
Ақзере	
Арина	

Ойын: «Қыз қуу» орамалмен

Тақпақтар:

Отан-жерім, Отан-суым,
Отан қуат, нәр береді
Отан-ұран, Отан-туым
Отан мәңгі гүлденеді. Саша

Әкелер мен апалар,
Ел үшін қызмет жасаған.
Мақтанышы елінің,
Бірлік туын биік ұстаған. Алдияр

Жырласа Қазақ, түркімен,
Молдаван, тәжік үн қосқан.
Дос жүректер біріккен,
Мейірлері жарасқан. Е.Али

Ақ қара деп алдымен,
Елім бөлмес адамды,
Дәстүр өнер, салтымен
Таңқалдырған ғаламды. Жанасыл

Болсын жер мен су ортақ,
Болсын бізге ну ортақ.
Ақпыз, қара, сарымыз,
Ағайынбыз бәріміз. Бахтияр

Тәуелсіздік кеңдігің
Кескен халық бірлігі
Ынтымағы барша елдің
Нұрын шашқан күн бүгін Алинур.

Би:

Тақпақтар:

Ән-жыр десе көмейі бүлкілдеген,
Ақ маржандай көңілі үлпілдеген,
Өзбек менің ағам- дейді қазақ
Дастарханнан дәм-тұзы бөлінбеген. Байдәулет

Қуанышты май келді,

Алақай-ай, алақай,
Шырқа шаттық әндердші,
Көшеге шық балақай.

Мырзаали.

Қазақ, қырғыз бір сананың егізі,
Екі жұрттың бірге екен негізі.
Қазақ озса-ол қырғыздың мерейі,
Қырғыз озса-ол қазақтың жеңісі.

Әділет

Серт берісіп туыс болып қалуға
Нәубеттерден аман жеттік дамуға,
Байтақ елдің биік ұстап байрағын
Біздің достық мәңгі болып қалуда.

Аңсар

Достық бізге тым ыстық,
Бірлік-байлық, ырыс-құт.
Жарқырасып күніміз,
Жаса, жаса тыныштық.

Нурасыл

Отанымның төрінде
Сарыарқаның өзінде
Ту ұстаған астанам
Әсем қалам, бас қалам.

Бағдәулет.

Осымен біздің ертеңгілігіміз аяқталды. Сау саламат болыңыздар.

№53 Ер-Асыл бөбекжай балабақшасы

Тақырыбы: «Жаңа жыл келді!»

Тобы: *Ортаңғы топ «Бәйшешек»*

Тәрбиеші: Аманбекова Ұ.
Есенбаева Г.

2020-2021 оқу жылы

Шымкент қаласы білім бөлімінің
№53 «Ер-Асыл» бөбекжай балабақшасы МКҚК

Мектепалды даярлық «Қызғалдақ» тобы



Тәрбиеші: Қойбағарова У.
Каржауова М.

2021ж




Білім облысы: Әлеумет

Білім бөлімі: Қоршаған ортамен танысу

Тақырыбы: Достық мерекесі

Мақсаты: Балаларға 1-мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні мерекесі екенін жеткізу. Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу. Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейту. Мерекелік көңіл күйлерін көтеріп, өздеріне ұнайтын шар, жалаушаның суретін салдыру. Ойын арқылы әр ұлттың киімдерін ажырата білуге үйрету.
Көрнекіліктер: Әр ұлт өкілдерінің суреттері

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p>Мотивациялық-қозғаушылық</p> <p>Іздену ұйымдастырушылық</p>	<p>Балалар қазір жылдың қай мезгілі ? -Дұрыс айтасыздар, қазір көктем мезгілі, көктем мезгілінде біз қандай мерекелерді тойладық, қәне есімізге түсірейікші. Осы көктем мезгілінің соңғы мамыр айында тойланатын тағы бір мереке бар екен, Ол мереке 1-Мамыр Қазақстан халықтарының ынтымағы мен бірлігі күні мерекесі.</p>  <p>-Балалар біздің ұлтымыз қандай ? -Біз қай тілде сөйлесеміз? -Қазақстан халқының өзінің қазақ тілі, ұлттық киіміміз, салт-дәстүріміз бар. Сол сияқты біздің Қазақстанда басқада ұлттар тұрады. Өзбек, орыс, қырғыз, татар және тағы басқа да ұлт өкілдері тұрады.</p>	<p>-көктем мезгілі</p> <p>-8наурыз аналар мерекесі, 22 наурыз наурыз мерекесі</p> <p>-қазақ -қазақ тілінде</p>

1-слайд: Сурет арқылы әр ұлттардың киімдерімен таныстыру. Балалар осы ұлттардың барлығы да Қазақстанда тұрады. Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Олар өз елдерінде болмаса да. Қазақтардың елін-елім деп, жерін –жерім деп, құрметтеп, үлкен үлгіге, бақытты, өнегелі отбасы болып өмір сүріп жатыр. Әлем халықтарының тату-тәтті бейбітшілікте, ынтымақтастықта өмір сүріп отырғаны біздің қазақ елінің арқасы және олар мұны түсініп, жақсы біледі, Сол себепті біздің елімізді қадір тұтып, құрметтейді.



2-слайд: Экраннан Елбасы құттықтауы мен Нұр-Сұлтан қаласы орталық алаңда өткізіліп жатқан шеруді тамашалау. Ертең 1 Мамыр мерекесі. Біздің де Қазалы халқы орталық алаңға осындай салтанатты шеруге шығады. Әр ұлт өкілдері өздерінің ұлттық киімдерін киіп, өнерлерін көрсетеді.

-Балалар ертең біз мерекеге барғанда қолымызға не ұстап шығуға болады деп ойлайсындар?

-Дұрыс айтасындар, біз мерекеге шар, жалаушалар ұстап шығуымыз керек. Олай болса осы мерекеге арналған шарымыз бен жалаушаларымыздың суретін салайықшы.

-Жалауша қандай пішінге ұқсайды?

-шар, жалауша.

<p>Жетекші- жөндеуші.</p>	<p>-Түсі қандай болады? -Ал шар қандай пішінге ұқсайды? -Түстері қандай болады? -Қане балалар алдарындағы қағазға өздеріңе ұнайтын шар мен жалаушаның суретін салайық.</p> <p>Сергіту сәті Ортақ мекен жер шары, Төбемізде бір аспан Барлық ұлттың баласы, Достығымыз жарасқан,</p> <p>Д/о: «Қай ұлттың бас киімі?» Шарты: көрсетілген әр ұлт өкілдерінің суреттерінің бас киімін тауып кигізу,</p> <p>Мақал-мәтел Ырыс алды- ынтымақ. Бірлік болмай, тірлік болмас.</p> <p>Ұрыс,ырысты қашырар Ынтымақ халықты асырар.</p> <p>Жарайсындар балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетіне жақсы қатыстындар.Бір-біріңе деген достықтарың мәңгі болсын, ата-аналарың аман болсын. Ал мен сендерген ертең 1 Мамыр мерекесіне барғанда қолдарыңа ұстап баратын жалауша берейін.</p> <p>Біздің достығымызды білдіретін «Достықпен» әнін айтайық.</p>	<p>-тік төртбұрышқа -Көк болады. -домалақ, сопақша -қызыл, көк жасыл т.б</p> <p>Балалар өз қалаулары бойынша ұнайтын суреттерін салды.</p>
----------------------------------	---	--



Күтілетін нәтиже:

Біледі: Балалар 1 Мамыр мерекесі Қазақстан Халықтар бірлігі күні екенін біледі.

Игереді: Әр ұлттардың киім ерекшеліктерін біледі.

Меңгереді: Өз Отанын сүюді, қорғауды, өзге ұлт өкілдерінің құрметтеуді үйренеді.